

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 14 қыркүйек N 3113. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.05.26. N 3531 жарлығымен. ~U973531

Бірыңғай салық саясатын жүргізу, салық заңдылығын сақтауға бақылауды күшейту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті етіп бөлу арқылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті салық жинауды және салық пен басқа да міндетті төлемдердің бюджетке толығымен және уақтылы енгізілуіне мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган болып табылады деп белгіленсін.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2542 Жарлығының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 33, 410-күжат) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті".

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы ережені, оның құрылымы мен санын бекітсін;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінің қызметін материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету мәселелерін, сондай-ақ осы Жарлықтан туындайтын өзге де мәселелерді шешетін болсын;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінің

құрылуына байланысты Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыныстар енгізсін;

4) Үкіметтің бұрын шыққан актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК